

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды тіркеу мен есепке алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1467 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 739 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.20 N 739 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды тіркеу мен есепке алу ережесі бекітілсін.

Ескерту. Тақырыпқа және 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1467 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу мен есепке алу ережесі

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу мен есепке алу ережесі (бұдан әрі -

Ереже) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді және Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу мен есепке алу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды есепке алу мемлекеттік функцияларды орындау үшін мониторингті жүзеге асыру және мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты басқару, мемлекет кепілгерлігімен тартылған борыш мониторингі мақсатында жүргізіледі.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекет кепілгерлігімен тартылған борыштың есебін жүргізу үшін мәліметтерді тиісті тізілімге енгізу жолымен мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2-1. Тізілім тіркеу журналында және дерекқорда жүргізіледі.

Нөмірленген және тігінделген, тізілімді жүргізуге жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің мөрімен және басшысының қолымен бекітілген тіркеу журналы мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) тіркеу күні;
- 2) тіркеу нөмірі;
- 3) құжаттың атауы және нөмірі;
- 4) жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және қолы.

Дерекқор ақпарат жинаудың, өңдеудің және сақтаудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін білдіреді.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

3. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу мен есепке алуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4. Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк);
Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) тартатын Қазақстан Республикасының

мемлекеттік қарыздары (бұдан әрі - мемлекеттік қарыздар);

2) Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген қарыздары (бұдан әрі - мемлекет кепілдік берген қарыздар);

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері (бұдан әрі - мемлекеттік кепілдіктер);

4) мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздар;

5) мемлекет кепілгерлігі тіркеуге және есепке алуға жатады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. Үкіметтік қарыздарды тіркеу мен есепке алу

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан қарыздарды тіркеу мен е с е п к е а л у :

қарыз шартын жасасу нысанында - қарыз шарты негізінде жүзеге асырылады;

халықаралық капитал рыноктарына мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нысанында - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және олардың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының негізінде жүзеге асырылады;

ішкі капитал рыноктарына мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нысанында - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды бастапқы орналастырудың нәтижелері және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға оның көлемі туралы растауы негізінде оларды орналастырғаннан кейінгі күні ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан қарыздарды тіркеу қарызға тіркеу нөмірін беру және оны мемлекеттік қарыздардың тізіліміне енгізу ж о л ы м е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан қарыздарды есепке алу қарыз шартының негізгі есептік сипаттамаларын дерекқорға енгізу немесе мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру (қарыздың нөмірі және оның ресімделген күні, қарыздың түрі, кредит беруші, қарыздың валютасы және сомасы, қарыздың мерзімі, сыйақы ставкалары) жолымен жүргізіледі.

8. Мынадай нысанда тартылған үкіметтік қарыздарды тіркеу: қарыз шартын жасасу - оған қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде жүзеге а с ы р ы л а д ы ;

мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру - ол орналастырылғаннан кейін 5 күн ішінде жүзеге асырылады.

3. Ұлттық Банктің қарыздарын тіркеу мен есепке алу

9. Ұлттық Банк тартқан қарыздарды тіркеу мен есепке алу:

1) қарыз шартын жасасу нысанында - тігілген және Ұлттық Банктің мөрімен куәландырылған қарыз шартының көшірмесі негізінде жүзеге асырылады;

2) ішкі капитал рыноктарына мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нысанында - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды бастапқы орналастырудың нәтижелері және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" акционерлік қоғамының бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға оның көлемі туралы растауы негізінде оларды орналастырғаннан кейінгі күні жүзеге асырылады.

10. Ұлттық Банк тартқан қарыздарды тіркеу (айналымдағы ақша базасын реттеу үшін орналастырылатын Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарынан басқа) қарызға тіркеу нөмірін беру және оны мемлекеттік қарыздарын тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

11. Ұлттық Банк тартқан қарыздарды есепке алу (айналымдағы ақша базасын реттеу үшін орналастырылатын Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарынан басқа) қарыз шартының негізгі есептік сипаттамаларын дерекқорға енгізу немесе Ұлттық Банктің бағалы қағаздарын орналастыру (қарыздың нөмірі және оның ресімделген күні, қарыздың түрі, кредит беруші, қарыздың валютасы және сомасы, қарыздың мерзімі, сыйақы ставкалары) жолымен жүргізіледі.

12. Ұлттық Банк өзі тартқан қарыздарды тіркеу үшін осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қарыз шартына қол қойылғаннан немесе мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру жүргізілгеннен кейін 15 күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

13. Ұлттық Банктің қарыздарын тіркеу тиісті құжаттар ұсынылғаннан кейін 10 күн ішінде жүзеге асырылады.

4. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын тіркеу мен есепке алу

14. Жергілікті атқарушы органдар тартқан қарыздарды тіркеу мен есепке алу қарыз шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі негізінде жүзеге асырылады.

15. Жергілікті атқарушы органдар тартқан қарыздарды тіркеу қарызға тіркеу нөмірін беру және оны мемлекеттік қарыздардың тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

16. Жергілікті атқарушы органдар тартқан қарыздарды есепке алу қарыз шартының негізгі есептік сипаттамаларын дерекқорға енгізу (қарыздың нөмірі

және оның ресімделген күні, қарыздың түрі, кредит беруші, қарыздың валютасы және сомасы, қарыздың мерзімі, сыйақы ставкалары) жолымен жүргізіледі.

17. Жергілікті атқарушы органдар өздері тартқан қарыздарды тіркеу үшін осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген құжаттарды қарыз шартына қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті о р г а н ғ а ұ с ы н а д ы .

18. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын тіркеу тиісті құжаттар ұсынылғаннан кейін 10 күн ішінде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік кепілдіктерді және мемлекет кепілдік берген қарыздарды тіркеу мен есепке алу

19. Мынадай нысанда ұсынылған мемлекеттік кепілдіктерді тіркеу мен есепке а л у :

мемлекеттік кепілдіктің арнайы бланкілерінде ресімделген кепілді міндеттеме - оны Кредит берушіге берген сәтке дейін кепілдік түпнұсқасының негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ;

кепілдік шарты - кепілдік шартының негізінде үш күн ішінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

20. Мынадай нысанда тартылған мемлекет кепілдік берген қарыздарды тіркеу :

1) қарыз шартын жасасу - қарыз шартының нотариалды куәландырылған көшірмесінің негізінде жүзеге асырылады;

2) борыштық бағалы қағаздарды шығару - облигацияларды шығару проспектісі, облигацияларды бастапқы орналастыру және облигациялар ұстаушылар өкілінің оның көлемі туралы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға оларды орналастырғаннан кейін келесі күні растауы негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

21. Қарыз алушылар өздері тартқан, қарыз шартын жасасу нысанында тартылған мемлекет кепілдік берген қарыздарды тіркеу үшін қарыз шартының нотариалды куәландырылған көшірмесін қарыз шартына қол қойылғаннан кейін 5 күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

21-1. Қарыз алушылар өздері тартқан борыштық бағалы қағаздар нысанында тартылған, мемлекет кепілдік берген қарыздарды тіркеу үшін облигацияларды шығару проспектісінің нотариалды куәландырылған көшірмесін мемлекеттік

емес облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркегеннен кейін 5 күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

22. Мемлекеттік кепілдіктерді тіркеу кепілдікке тіркеу нөмірін беру және оны мемлекеттік кепілдіктердің тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

23. Мемлекет кепілдік берген қарыздарды тіркеу қарызға тіркеу нөмірін беру және оны мемлекет кепілдік берген қарыздардың тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

24. Мемлекеттік кепілдіктерді есепке алу мемлекеттік кепілдіктің негізгі есептік сипаттамаларын (кепілдіктің нөмірі және оның ресімделген күні, кепілдіктің нөмірі және оның тіркелген күні, оған кепілдік берілген валюта және сома, кепілдіктің қолданылу мерзімі) дерекқорға енгізу жолымен жүргізіледі.

Қарыз алушы мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындаған жағдайда, мемлекеттік кепілдік гарантқа қайтарылуға жатады.

25. Қарыз шарты нысанында тартылған мемлекет кепілдік берген қарыздарды есепке алу қарыз шартының негізгі есептік сипаттамаларын (кепілдіктің нөмірі және берілген күні, қарыздың нөмірі және оның ресімделген күні, қарыздың түрі, кредит беруші, қарыздың валютасы және сомасы, қарыздың мерзімі, сыйақы ставкалары) дерекқорға енгізу жолымен жүргізіледі.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

25-1. Борыштық бағалы қағаздар нысанында тартылған мемлекет кепілдік берген қарыздарды есепке алу облигацияларды шығару проспектісінің негізгі есептік сипаттамаларын (облигацияларды шығару проспектісінің нөмірі және күні, шығарылатын облигациялар саны, бір облигацияның номиналды құны, облигациялар бойынша сыйақы, ақы төлеу шарттар мен тәртібі, облигациялар бойынша қамтамасыз ету, облигациялар айналысы және оларды өтеу туралы мәліметтер, деректемелер, облигация ұстаушылар өкілі туралы мәліметтер) дерекқорға енгізу жолымен жүргізіледі.

Ескерту. 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

26. Мынадай нысанда тартылған мемлекет кепілдік берген қарыздарды тіркеу:

қарыз шартын жасасу - қарыз алушы тиісті құжаттарды ұсынғаннан кейін 5 күн ішінде жүзеге асырылады;

борыштық бағалы қағаздар - оларды орналастырғаннан кейін 5 күн ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

5-1. Мемлекет кепілгерлігін және мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу және есепке алу.

Ескерту. 5-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

26-1. Мемлекет кепілгерлігін тіркеу және есепке алу кепілгерлік шарты негізінде үш күн ішінде жүзеге асырылады.

26-2. Инфрақұрылымдық облигациялар шығару нысанындағы мемлекет кепілгерлігімен берілген қарыздарды тіркеу және есепке алу концессионер облигацияларын шығару проспектісі, инфрақұрылымдық облигацияларды бастапқы орналастыру және облигациялар ұстаушылары өкілінің оның көлемі туралы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға оларды орналастырғаннан кейін келесі күні растауы негізінде жүзеге асырылады.

26-3. Мемлекет кепілгерлігін тіркеу кепілгерлік шартына тіркеу нөмірін беру және оны мемлекет кепілгерліктерінің тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

26-4. Мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу қарызға тіркеу нөмірін беру және оны мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздар тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

26-5. Мемлекет кепілгерлігін есепке алу кепілгерлік шарттарының негізгі есепке алу сипаттамаларын (кепілгерлік шартын тіркеу нөмірі және күні, мемлекет кепілгерлігі берілген валюта және сома, мемлекет кепілгерлігінің қолданылу мерзімі) дерекқорға енгізу жолымен жүргізіледі.

Қарыз алушы мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыз бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындаған жағдайда, мемлекет кепілгерлігі кепілгерге қайтарылуға тиіс.

26-6. Мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды есепке алу облигацияларды шығару проспектісінің негізгі есепке алу сипаттамаларын (облигацияларды шығару проспектісінің нөмірі және күні, шығарылатын инфрақұрылымдық облигациялар саны, бір инфрақұрылымдық облигацияның номиналды құны, инфрақұрылымдық облигациялар бойынша сыйақы, ақы төлеу шарттары мен тәртібі, инфрақұрылымдық облигациялар бойынша қамтамасыз ету, инфрақұрылымдық облигациялар айналымы және оларды өтеу туралы мәліметтер, концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілгерлігін беру туралы қаулысының деректемелері, облигациялар

ұстаушылар өкілі туралы мәліметтер) дерекқорға енгізу жолымен жүргізіледі.

26-7. Инфрақұрылымдық облигациялар шығару арқылы тартылған мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу оны орналастырғаннан кейін 5 күн ішінде жүзеге асырылады.

26-8. Қарыз алушылар өздері тартқан инфрақұрылымдық облигациялар нысанында тартылған мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік емес облигацияларды шығаруды мемлекеттік тіркегеннен кейін 5 күн ішінде облигациялар шығару проспектісінің нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады.

6. Ерекше жағдайлар

27. Қарыз шарттарын жасасу нысанында тартылған мемлекет кепілдік берген қарыздарды және мемлекеттік қарыздарды тіркеу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарыз алушыға осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандағы тіркеу куәлігін береді.

28. Тіркелген құжаттарға, сондай-ақ оның негізінде мемлекеттік кепілдіктерді, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігін және мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу жүргізілген құжаттарға енгізілген өзгерістер туралы ақпарат осындай өзгерістер енгізілгеннен кейін 10 күн ішінде есепке алу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылуы тиіс.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік және мемлекет кепілдік
Қаржы министрлігі берген қарыздарды, мемлекет
кепілгерлігімен тартылған қарыздарды
тіркеу мен есепке алу ережесіне

1-қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

N _____ тіркеу куәлігі

_____ қаласы 200_жылғы " _ " _____

Осымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
мемлекеттік қарыздардың тізіліміне _____ нөмірлі
мынадай қарыз шартын тіркейді

200_жылғы " _ " _____ N _____ қарыз шарты

Кредит беруші _____
(кредит берушінің атауы,
орналасқан орны)

Қарыз алушы _____
(қарыз алушының атауы, орналасқан
орны)

Кредит желісі _____

Қарыз алудың түрі _____

Қарыз алудың мақсаты _____

Қарыздың сомасы _____

Валютаның атауы _____

Игеру кезеңі _____
(басталған күні - аяқталған күні
(пайдалану мерзімі))

Өтеу кезеңі _____
басталған күні - аяқталған күні

Сыйақы ставкасы _____
ставканың түрі, шамасы

Өтеу көздері _____
(көздің атауы)

І л е с п е ш ы ғ ы с т а р д ы ң
к ө з д е р і :

шығыстардың атауы _____ көзі _____

шығыстардың атауы _____ көзі _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қаржы вице-министрі _____

М.О.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік
берген қарыздарды, мемлекет
кепілгерлігімен тартылған қарыздарды
тіркеу мен есепке алу ережесіне

2-қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1062 (
қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

N _____ тіркеу куәлігі

_____ қаласы 200_жылғы " _ " _____

Осымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
мемлекет кепілдік берген қарыздардың

тізіліміне _____ нөмірлі

мынадай қарыз шартын тіркейді

200_жылғы " " _____ N _____ қарыз шарты

200 жылғы " " _____ N _____ мемлекеттік кепілдік

Кредит беруші _____

(кредит берушінің атауы,

орналасқан орны)

Қарыз алушы _____

(қарыз алушының атауы, орналасқан

орны)

Кредит желісі _____

Қарыздың сомасы _____

Валютаның атауы _____

Игеру кезеңі _____

(басталған күні - аяқталған күні

(пайдалану мерзімі)

Сыйақы ставкасы _____

ставканың түрі, шамасы

Өтеу кезеңі _____

басталған күні - аяқталған күні

Өтеу көздері _____

(көздің атауы)

І л е с п е ш ы ғ ы с т а р д ы ң

к ө з д е р і :

шығыстардың атауы _____ көзі _____

шығыстардың атауы _____ көзі _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қаржы вице-министрі _____

М.О.